

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

VI том

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану жөне әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№1 хаттама 6 қараша 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (терага), О. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарак,
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының
жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Тарак

Жалпы редакциясының басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев

Құрастырылыш, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жаупапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор З. Бисенғали

А 13 **Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. VI том. Ойлар мен толғаныстар /
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұр-
әділ; жаупапты ред. З. Бисенғали; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев.
– Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 299 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Алтыншы тома абаитану саласында тауелсіздік түсінігі жарық көрген таңдамалы еңбектер арнаны топтастырылған.

Кітап орта мектептің жоғары сыйып оқушылары мен жоғары мектептің білім алушылар жастағыра, ғылым мен белгілім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

Том елдің ынтымығы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық алеуеттің артуына, коғамдық санаңын дамуына қызмет етеді.

Том 3979/ГФ4 – «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын ғынаратып, зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1680-2 (VI том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2016

Иманғали Тасмағамбетов

**АБАЙ – ПІКІРІМІЗДІҢ ПІРІ,
РУХЫМЫЗДЫҢ ТУЫ**

*Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының
Абайдың 150 жылдығына арнап откізген
мерекелік сессиясының ашылуындагы сөз.
1995 жылғы 8 тамыз*

Ардакты әлеумет!
Қадірменді меймандар!

Дүние жүзі халықтарының тарихында аты жер басып жүрген
жұмыр бастының бәріне бірдей ортақ, бәріне бірдей қымбат тұл-
ғага айналған алып ойшылдар мен көреген кеменгерлердің аз
емес екені өздерінізге де мәлім.

Біздің Абайымыз да осындағы әлемдік деңгейдегі асқар бікке
айналып отыр.

Оның дүниеге келгеніне 150 жыл толыпты. Өлеңдерінің ауыз-
дан, кітаптарының колдан түспей келе жатқанына да бір ғасырдың
жүзі болып қалыпты. Осы уақыттың ішінде ол ұлттымыздың
бірден-бір рухани ұстазына айналды.

Қазақтардың Абай десе ішкен асын жерге қоятынында, сөзін
Абайдан бастап, ойын Абаймен сабактауында да терең мән бар.
Тарихтың талай-талай қыны кезеңдерінде Абай өз халқының
адастырмас темірқазығы, алжастырмас бағдаршамы бола білді.
Қандай қысылтаян, нендей келенсіз кезеңдерде де оның ұлағатты
сөзі халқымыздың қолтығына сүйесін, иығына демесін боп,
табанын тайғызған жоқ, жігерін жасытқан жоқ. Сасқалақтағанда
сабыр, тоқырағанда тоқтам тауып берді. Заманымыздың занғар
жазушысы Шыңғыс Айтматовтың Парижде өткен Абай күн-
дерінде: «Ұлттық мәдениеттердің өрісі тарылып, ұлттық тілдер
жойылуға бет бұрған советтік дәүірде Абай қазақтың тілін де,
рухын да сақтап қалды», – деуі де сондықтан.

Абай – әлемнің қай бұрышынан қарасаң да, көзге түспей
қалмайтын рухани Алатауымыз. Ол – біздің ар-намысымызға,

өмірлік өлшемізге, ұлттық парасат-пайымымызға айналған асқаралы абызымыз. Пікіріміздің пірі, рухымыздың туы.

Артына «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деп аманат артып кеткен ақылды әлемдік ақыл-ойдың төріне шығару ұрпақтың талайдан бергі арманы еді. Бұл жолы сол тілегімізге жеткендейміз. Бірақ түтел жеттік деп айта алмаймыз. Оған өзіміз кінәліміз. Өкінішке орай, біз Абайды дүние жүзі халықтарына өз деңгейінде таныта алмай келеміз. Абай мұрасы әлем жүртшылығы тарабынан өзінің лайықты бағасын алды деуте әлі ерте. Олай деп, Абай әлемнің ең басты тілдерінде ауылдағыдай көсіле сөйлеп, есіле сырласа алған жағдайда ғана айта аламыз.

Абайдың өзге тілдерге тәржімаланған мұраларын есептемей-ақ, өзіміз жетік әрі еркін білетін орыс тіліне аударылған нұсқасын қолдарынызға алып байқаныздаршы. Абайдың атан-түйе тарта алмас аса салмақты, ауқымды ойларының оннан бірі ғана жеткен.

Ерине, мен бұл жерде аудармашыларға титтей де болса кінә артудан аулақпын. Абайды шет тілдеріне аударған қадірменді ақындарға, шет елдерге насихаттауға аяңбай атсалысып жүрген баспағерлердің баршасына алғыстан басқа айтарым жок. Менің айтайын дегенім, Абай тәрізді данышпанды аудару – қынның қыныны екенін, әлі түтел алынбаған асу екенін еске сала кету.

Ұлт пен ұлтты бауырластырып, халық пен халықты жақындастыратын да – Абай сияқты ұлы гуманистер. «Экенің баласы – адамның дүшпаны, адамның баласы – бауырың», яки басқа халық та бауырың, басқамен де тату-тәтті бол деген Абайды өзге тілге өз деңгейінде, бар болмысымен жеткізу – тек әдеби, мәдени ғана емес, үлкен саяси мәні бар ұлы міндеп.

Алыштағы келген мейманға әк тақиялы тауларымызды, алмасы албыраған бауларымызды, зәулім зауыттарымыз бер көл-көсір кеніштерімізді көрсетіп, мақтанғаның, бәлкім, пәлендей айыбы болмас. Бірақ біздің шет жүртқа, сырт ағайынға ең әуелі мақтаныш ететініміз, көзін сүйсінгіп, көнілін елжіретер рухани дөнекеріміз, рухани айбынымыз – АБАЙ, АБАЙЫМЫЗ болу керек!

Әрісі Шығыстың мәңгілік шоқжұлдыздары Науай, Рудаки, Хафиз, Низами, берісі Гете, Бальзак, Байрон, Пушкин сынды

түрғыластары сияқты Абай да мезгілге мойынсұнбайды. Уақытқа – тәуелді, кезеңге кіріптар емес. Жылдар жылжып, күндер сырғыған сайын жаңа бір қырынан ашылып, жаңа бір қырынан жарқырап түседі. Жаңғыра түседі.

Абай – қазақ тарихындағы, өсіреле оның рухани тарихындағы аса айшықты, аса айбынды, шын мәніндегі ренессансстық тұлға!

Бүтінгі таңда Абай мұраларын тек бір халықтың, тек бір мемлекеттің көлемінде ғана емес, дүниежүзілік өркениет ауқынында қарастыру қажеттігін айрықша атап айттар ем.

Еуропада – Лев Толстойның, Азияда – Махатма Гандидің бар ғұмырын әлемдік үйлесім мен жалпы адамзаттық ұнdestікті өсietteумен өткізгенін баршаңыз да жақсы білесіздер. Қай жағынан алсаңыз да, мейлі терендік жағынан болсын, мейлі кемелдік жағынан болсын. Абайдың осы қос кеменгермен катар тұрып ишкітаса алатынына да енді-енді көз жеткізіп келеміз.

Бұл жөнінде біз күні бүгінге дейін жүртшылықта естіртіп айта алмадық. Бұған кезіндегі әр түрлі саяси шектеулер мен әр қылыш қасаң көзқарастар да себепші болды.

Екі тізгін, бір шылбырын өз қолына алған тәуелсіз мемлекет ретінде енді біз Абайдың әлемдік әдебиет пен әлемдік ойдың жарқын жүлдзыздарының бірі екенін жан-жақты насиҳаттап, жан-жақты негіздей білуіміз керек. Философиялық, эстетикалық, әдеби көзқарастардың тұтас бір жүйесін жасаған ұлы ойшылды дүние жүзіне жете, жеткізе танытуымыз қажет. Сол үшін маңдай терді аямай төгіміз керек.

Фарыш пен ғаламдық кеңістікті, адамзат әлемі мен дүниенің шекіздігін, уақыт пен дамудың мәңгілігін бірлікте, тұтастықта алып қарайтын қазіргі кездегі пәтуалы пәлсапага сенсек, бір дүниенің, яғни, бұл дүниенің ақиқаты – тек жартыкеш ақиқат. Толық ақиқатты айту үшін екі дүниенің де, яки о дүние мен бұл дүниенің де ақиқатын қоса қамту керек. Абай да сол екі дүниеге ортақ ақиқатты, яғни, анық ақиқатты бүкпесіз айтып кеткен адам.

Ақыл мен жан – мен өзім, тән – менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі,

«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
«Менікі» өлсө өлсін, оған бекі.

Мінеки, ұлы ақын ақыл мен жан өлмейді, тек тән ғана өледі
деп тұр.

Абай ұғымынша, өлім деген де өмір сияқты занды құбы-
лыс:

Адамзат – бүтін адам, ертең топырақ,
Бүтінгі өмір жарқылдан алдар бірақ,
Ертең өзің қандайсың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойлан, пырақ.

Абай інісі Оспан өлгенде: «жан біткенге жалынбай, жақсы өліпсің, апырмай», – дейді. Егер ұлы ойшыл өлім табиғатын соншалықты терең түсінбесе, жас кеткен өзінің ең жақсы көре-
тін інісіне «жақсы өліпсің, апырмай!» – деп айттар ма еді?! Керек десеңіз, Абай «Өлім барда қорлық жоқ» дейді. Бұлай деп тіршіліктің тұнғиық пәлсапасының тереңіне сұнгіген, Өмір мен Өлімнің әу бастан бір-бірінен ажырамайтын кіндікtes екенін көміл түйсінген кемел ойдың, кемел пайымның иесі ғана айта алса керек. Абайдың осында мәңгіліктің мәніне, шексіздіктің сырына үнілген, тұтас дүние-әлемнің түпсіз тұнғиығына бойлаған заманауи ойларының дәйегі мен мәйегін ашып бере алдық па? Әзірге ұлы ойшылдың дүниетанымының бергі бетін ғана аршыдық, «Абайды әлемдік өркениет ауқымында қарастыру керек» дейтініміздің де тұп себебі осында жатыр.

Бұл ретте Абайдың биылғы мүшел тойы, көп елдердің белгілі де беделді қайраткерлері бас қосып отырған бүтінгі конференция айрықша тарихи орын иеленбек. Сондықтан конференция мей-
мандарына, Абай таланттының алыстағы, жақындағы жанқүйер-
лерінің берінс – Қазақстан үкіметінің атынан зор алғыс айтқым келеді.

Бүтінгі мәжіліске ғалымдардың, абаитанушылардың көбірек қатысқанын есепке ала отырып, мынадай жайларға назар аудара кеткенді орынды көріп тұрмын.

Абай шығармаларын текстологиялық түрғыдан зерттеу – бұтгінгі күннің ең зәру мәселесі. Бұл салада басталған жұмыс осы күнге шейін аяғына жетіп көрген емес. Ақын кітабын кезекті жариялау, көбінесе, мерейтойларға байланысты жүргізіледі де, жана жинақ ылғы асығыс дайындалады, қолжазбалар мен басылып шыққан кітаптар текстін салыстыра қарауға уақыт жетпей қалады. Рас, Абай шығармалары тексті негізінен қалыптасқан, уақыт сынынан өткен. Солай бола тұрса да, онда әлі де қарайтын, анықтауды қажет ететін жекелеген сөздер мен сөз тіркестері баршылық. Басқа басқа, дәл Абайдың кейбір сөзінің әр жинақта әр түрлі басылып жүрөі – бәрімізге үят, бәрімізге үлкен сын. Ең алдымен, ғалымдарымызға сын.

Қоғам өзгеріп, заман жаңғырып жатқан тұста бұрынғы қалыптасқан пікірлер мен орныққан көзқарастардың қайта сараптан өткізіліп, қайта екшелгені жөн. Әсіресе, толықтырып, аныктай түсетін мәселе – Абайдың айналасы, оның өскен ортасы, ұшқан ұясы, ата-анасы мен тұған-туысқандары туралы деректер. Ақын өскен ортанаң сырын мейлінше дұрыс, мейлінше әділ ашпайынша, Абайдың ақындық сыры да, қайраткерлігі де, азаматтық тұлғасы да терең ашылмайды.

Абайды тануда саясат ықпалынан, уақыт қыспағынан аса алмаған кездеріміз болды. Енді заман өзгерген шақта азат елдің азат ойымен, азат жүргегімен, азат зердесімен Абайды қайта та-нуға тиістіміз.

Мәселен, «Абай отаршылдыққа қарсы күресті ме?» деген сұрақ күн тәртібіне қойылмай келді. Отаршылдыққа қарсы болмаса:

Воинный кызмет іздеме,
Оқалы кім киоге...
Кызмет қылма оязга,
Жанбай жатып сөнуге, –

дер ме еді...

Ояз деп отырғаны – патшаның өкілі, отаршыл өкімет. Абай сол өкіметке қызмет қылмауға шақырады.

Абай қазақ халқы үшін бір ғана әдебиеттің ауқымына сыймайды. Ол – күнделікті тіршілігімізді, рухани әлемімізді – қарақан басымызды алып жүруден бастап, биік адамгершілікке дейінгі аралықты тегіс қамтитын жан-жақты құбылыс. Сондыктан да Абайды зерттеуді тек әдебиетші ғалымдардың мойнына жүктеп қоюға болмайды. Абайды ашу үшін өнертанушыларымыз да, саясаттанушыларымыз да, философтарымыз да, құқықтанушы ғалымдарымыз да белсенділік танытқаны, аянбай атсалысқаны жөн.

Әрбір қазаққа, шама-шарқынша, Абайды тану – мұрат, Абай шыққан биікке талпыну – парыз.

ТҮСІНІКТЕР

1. Тасмагамбетов И.Н. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы. Қазақстан Ұлттық Фылым академиясының Абайдың 150 жылдығына арнап еткізген мерекелік сессиясының ашылуындағы сез. 1995 жыл 8 тамыз // Баспасөз бетінде жарияланған: Абай туралы сез. – Алматы, 1996. – 25-29-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Сұлтанов Қ. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. ЮНЕСКО-ның мәдениет саласындағы комиссиясы мәжілісінде 1993 жылғы 2 қарашада сойлеген сезі // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 1993. – қараша; Сұлтанов Қ. Серпінді кезең. – Астана: Елорда, 2005. – 6-11-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша күйіп журміз бе? // Баспасөз бетінде жарияланған: Егемен Қазақстан. – 2008. – 26 қараша; Жолдасбеков М. Жеті томдық шығармалар жинағы. 4-том. Асылдарым. Эсселер. Ойлар. Тебіріністер. – Астана: Құлтегін, 2012. – 55-74-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Абрахманов С. Абайдың аударма лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абрахманов С. Төлтума мен телтума (зергітеу). – Астана: Елорда, 2007. – 171-202-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем. Баспасөз бетінде жарияланған: Нәрібаев К. Тұлғаларға тағзыым. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, 2012. – 50-52-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Жұмаділов Қ. Біз Абайды танып болдық па? Баспасөз бетінде жарияланған: Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазынды, 2005. – 12-том. – 289-296-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында. Баспасөз бетінде жарияланған: Ысқақбай М. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2007. – V том. – 285-307-беттер (мақаланың «Шеберлік асуында» деп аталатын екінші бөлімі берілді); Абай институтының вебсайты.
8. Жарықбаев Қ. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жарықбаев Қ. Абай – қазақ халқының ұлы агартушысы. – Абай институтының вебсайты.
9. Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және қазіргі заман: зерттеулер жинағы. – Алматы: Фылым, 1994. – 99-111-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Фаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2005. – 99-112-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Сыздықов К. Абайдың әсемдік танымы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай және ұлттық идея. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары / құрастырылғандар: Т. Әлібек, А. Сейітова. – Алматы: М.О. Өуезов атындағы әдебиет және өнер институты, 2005. – 65-71-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Көбесов А. Әл-Фараби мен Абайды қатар оқығанда: Зерттеу еңбек. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 58 б.; Абай институтының вебсайты.
13. Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Нұргали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. – Алматы: Жазушы, 2000. – 340-360-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс. Баспасөз бетінде жарияланған: Егemen Қазақстан. – 1995. – 29 наурыз; Абай институтының вебсайты.
15. Досжан Д. Ақылдың қыры. Баспасөз бетінде жарияланған: Досжан Дүкенбай. Шығармалары. IV томдық. – Астана: Фолиант, 2008. – 3-том. – 380-395-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Әмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оку-тәрбие ісінде пайдалану (мұғалімдерге көмекші құрал). – Алматы: Мектеп, 1968 (кітаптың осы тақырыппен аталаған бөлімі берілді). Абай институтының вебсайты.
17. Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбагы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2010. – № 1. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Атабаев Қ. «Қазак» газеті – екінші Абай мектебі // Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №5. – 73-75-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай. – 2005. – №1. – 42-47-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Тасмагамбетов И. Абай – пікірміздің пірі, рухымыздың туы	3
Сұлтанов К. Абай – адамзатқа ортак тұлға	9
Жолдасбеков М. Абайша сүйіп, Абайша қүйіп жүрміз бе?	14
Абдрахманов С. Абайдың аударма лирикасы	36
Нәрібаев К. Абай – тұтас бір әлем	64
Жұмаділов К. Біз Абайды танып болдық па?	68
Ысқақбай М. Абай шеберлігі хақында	75
Жарықбаев К. Абай Құнапбаев – қазақ халқының ұлы агартушысы	100
Салғарин Қ. Абай танымнан – тағылым	111
Ғаббасов С. Абайдың педагогикалық көзқарасы	121
Сыздыков К. Абайдың әсемдік танымы	135
Көбесов А. Әл-Фараби мен Абай	142
Нұргали Р., Рсаев Т. Абай пайдаланған басқа тілдер сөздігі	179
Сейдімбеков А. Абай және Ренессанс	218
Досжан Д. Ақылдың қыры	229
Өмірәлиев Қ. Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану туралы	246
Әсемқұлов Т. Абайдың ұлы жұмбабагы	268
Атабаев Қ. «Қазақ» газеті – екінші Абай мектебі.....	280
Созақбаев С. Абай заң жүйесіне енгізген өзгерістер	286
Түсініктеп	296

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
VI том
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№9135

Басуга 26.01.16 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 18,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1511.
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.